

**Сауда және жабдықтау-өткізу ұйымдары бойынша сауда үстемелерінің
мөлшерлері мен рентабельділіктің шекті деңгейлері туралы**

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 қыркүйектегі N 735 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

(Ү з і н д і)

Экономикада нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан жабдықтау-өткізу, сауда кәсіпорындары мен ұйымдарына халық тұтынатын тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімінің еркін босату /көтерме сауда/ бағаларына жабдықтау-өткізу үстеме бағалары мен сауда үстемелерінің мөлшерін өздігінен белгілеуге хұқық берілсін.

(2 - т а р м а қ)

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРКМ-нің 19 қазан 1994 ж. N 1171 қаулысымен .

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*